

2001 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған алкоголь өніміне және 1997 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де өнімдерге түгендеуді жүргізу жөніндегі Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 8 тамыздағы N 322 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 22 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2454. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 304 бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 304 бұйрығымен.**

"Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 792 қаулысын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған 2001 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған алкоголь өніміне және 1997 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де өнімдерге түгендеуді жүргізу жөніндегі Ережесі бекітілсін.

2. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері 2003 жылдың 10 тамыз жағдайы бойынша алкоголь өнімі және 2003 жылдың 1 қазан жағдайы бойынша темекі өнімдерін және құрамында темекі бар өзге де өнімдерді бөлшек саудада сатуды қоспағанда, алкоголь өнімі мен темекі өнімдерінің және құрамында темекі бар өзге де өнімдердің өндірісі мен айналымын жүзеге асыратын занды және жеке тұлғалармен алкоголь өнімі мен темекі өнімдерін және құрамында темекі бар өзге де өнімдерді түгендеуді жүргізу ді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Акциздерді әкімшіліктендіру басқармасы (Р.Ю.Ким) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

### ***Төраға***

Қазақстан  
Қаржы

Республикасының  
министрлігі

Салық комитеті  
2003 жылғы 8  
N 322 бүйрүгымен бекітілген

Төрағасының  
тамыздағы

**2001 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған алкоголь өніміне және 1997 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де өнімдерге түгендеуді жүргізу жөніндегі Ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 792 қаулысына сәйкес әзірленген және 2003 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбалануға жататын алкоголь өнімі мен темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де өнімдерге (бұдан әрі - Акцизделетін тауарлар) түгендеуді жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Акцизделетін тауарларды түгендеу бір реттік сипатта болады және Акцизделетін тауарларды бөлшектеп сатуды қоспағанда, Акцизделетін тауарлардың өндірісі мен айналымын жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі - ұйымдар) өз күштерімен жүргізеді.

## **2. Түгендеуді жүргізу тәртібі**

3. Акцизделетін тауарларды түгендеуді жүргізу үшін әрбір ұйымда құрамы бес адамнан кем емес комиссия құрылады: комиссия төрағасы (ұйымның бірінші басшысы немесе оның орынбасары), акциздік алым таңбалары үшін материалдық-жаяупты тұлға және ұйымның басқа қызметкерлері.

4. Комиссия төрағасы түгендеуді жүргізудің уақтылығы мен тәртібінің сақталуы, Акцизделетін тауарлар туралы олардың шынайы нақты қалдықтары бойынша деректердің түгендеу тізімдеріне (бұдан әрі - тізімдер) енгізулердің толықтығы мен дәлдігі, Акцизделетін тауарлардың атаулары тізімдеріндегі көрсетулер үшін жауап береді.

5. Акцизделетін тауарлар туралы деректер (өнім түрі, саны) екі данада жасалатын тізімде жазылады. Тізімнің бір данасы ұйымның тіркелген орны бойынша облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша тиісті салық комитеттеріне (бұдан әрі - салық комитеттері) жіберіледі.

6. Салық комитеттері түгендеу тізімінде көрсетілген кез-келген мәліметтердің дұрыстығын тексеруге, сондай-ақ қоймадағы тауарлардың бар болуына ішінара тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

Тексеру түгендеу комиссиясы мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

7. Акцизделетін өнімнің іс жүзіндегі қалдықтары мен тізімде көрсетілген мәліметтер арасында алшақтықтар (сәйкес келмеушіліктер) байқалған жағдайда, салық комитеттерінің қызметкерлері тексеру актісін жасайды және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шаралар қолданылады.

Анықталған алшақтықтар түзетілгеннен кейін тізімнің әрбір парағына түгендеу комиссиясының әрбір мүшесі әрбір паракқа осы паракта көрсетілген барлық Акцизделетін тауарлардың жалпы санын жазбаша түрде көрсете отырып, қол қояды.

8. Акцизделетін тауарлардың өндірісі мен импортын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға тізімде көрсетілген деректерге сәйкес "Алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа), темекі өнімдеріне және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарға арналған акциздік алым таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Төрағасының 2003 жылғы 20 наурыздағы N 134 , 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 2242 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне енгізілген бұйрығымен бекітілген тәртіпке сәйкес 2003 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбалары беріледі.

### **3. Акциздік алым таңбаларын жою тәртібі**

9. Ұйымдарда таңбалау барысында алкоголь өніміне 2001 жылғы үлгідегі пайдаланылмаған акциздік алым таңбалары және темекі өніміне және құрамында темекі бар өзге де өнімдерге 1997 жылғы үлгідегі пайдаланылмаған акциздік алым таңбалары (бұдан әрі - ескі үлгідегі акциздік алым таңбалары) болған жағдайда, олар үшін жеке акт жасалады.

10. Ескі үлгідегі пайдаланылмаған акциздік алым таңбалары жоюға жатады.

11. Пайдаланылмаған ескі үлгідегі акциздік алым таңбаларын жою комиссияның қатысуымен тиісті салық комитеттерінің бірінші басшыларының бұйрығымен белгіленетін орында пайдаланылмаған акциздік алым таңбаларын жою жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - жою жөніндегі комиссия) қатысуымен жүргізіледі.

12. Жою жөніндегі құрамы 5 адамнан кем емес комиссияның құрамын салық комитеттерінің бірінші басшылары бекітеді.

13. Жою жөніндегі комиссия құрамына міндетті түрде бірінші басшы немесе онымен уәкілеттілік берілген тұлға, бас бухгалтерлер мен салық комитеттерінің

акциздік алым таңбалары үшін материалды-жауапты тұлғасы және ескі үлгідегі акциздік алым таңбалары бар ұйымдардың өкілдері кіруі тиіс.

14. Ескі үлгідегі акциздік алым таңбаларының іс жүзінде жойылғаны туралы екі данада ескі үлгідегі акциздік алым таңбаларын жою актісі (бұдан әрі - жою актісі) жасалады, онда осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша ескі үлгідегі жойылған акциздік алым таңбаларының нөмірі мен саны көрсетіледі. Жою актісінің әрбір данасына комиссия мүшелері қол қояды және ол салық комитеттерінің мөрімен расталады.

Жою актісінің бір данасы салық комитеттерінде қалады, ал жою актісінің екінші данасы үйымға табысталады.

2001 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған алкоголь өніміне, 1997 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен темекі өніміне және құрамында темекі бар өзге де өнімдерге түгендеуді жүргізу жөніндегі Ережесіне қосымша

## Есқі улгідегі акциздік алым таңбаларын жою актісі

"Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 792 қаулысына сәйкес біздер, мына қурамдағы комиссия:

мөлшері \_\_\_\_\_ дана  
болатын ескі үлгідегі акциздік алым таңбаларын жоюды жүргіздік.  
о нын ішінде:

a p a k :

дана  
(сыйымдылығы, сериясы, нөмірі) (саны, жазумен)

күшті алкогольді ішімдіктер  
дана

(сыйымдылығы, сериясы, нөмірі) (саны, жазумен)  
әлсіз алкогольді ішімдіктер

дана  
(сыйымдылығы сериясы нөмірі) (саны жазумен)

ш а р а п

дана

(сыйымдылығы, сериясы, нөмірі) (саны, жазумен)

к о н ь я к

дана

(сыйымдылығы, сериясы, нөмірі) (саны, жазумен)

К о м и с с и я

т е р а ф а с ы :

1)

(Аты-жөні, лауазымы) (қолы)

К о м и с с и я

м ү ш е л е р і :

2)

(Аты-жөні, лауазымы) (қолы)

3)

(Аты-жөні, лауазымы) (қолы)

4)

(Аты-жөні, лауазымы) (қолы)

5)

(Аты-жөні, лауазымы) (қолы)